

# Сөйлеу арқылы тілді үйрету әдістері

<sup>1</sup>**КҮРІШХАН Алия**, PhD, профессор, *aliya\_kuryshzhan@gmail.com*,

<sup>2</sup>**\*НУРЖАНОВА Карлыгаш Канагатовна**, магистр, аға оқытушы, *karla-1972@mail.ru*,

<sup>2</sup>**САГАТОВА Гульмира Канатовна**, магистр, аға оқытушы, *gulja\_s@mail.ru*,

<sup>2</sup>**ХАМЗИНА Карлыгаш Мауеновна**, филол.ғ.к., доцент, *jako199473@mail.ru*,

<sup>1</sup>Ханкук шетел тілдер университеті, Сеул, Корея Республикасы,

<sup>2</sup>«Әбілқас Сағынов атындағы Қарағанды техникалық университеті» КеАҚ, Н. Назарбаев даңғылы, 56, Қарағанды, Қазақстан,

\*автор-корреспондент.

**Аңдатпа.** Қазақ тілін сөйлеу арқылы оқыту қарастырылады. Сөйлеу әрекеттерін дамыту мәселелері көрсетілген. Адамдардың бір-бірімен қарым-қатынасында сөйлесудің жүзеге асырылуы тілдік қатынасқа түсушілердің бірі – айтушы, бірі – тыңдаушыға қатысты екені баяндалады. Қазақ тілін оқытуда студенттердің коммуникативтік қабілеттерін сөйлеу арқылы дамыту қарастырылған. Зерттеу барысында сипаттамалық әдіс, талдау және синтез әдістері қолданылады. Сөйлеу әрекетінің басты қағидаларын меңгере отырып, оқылым, тыңдалым, жазылым, айтылым, тілдесімдегі тілдік бірліктерді қолдану әдіс-тәсілдеріне зерттеу жүргізілген. Тіл үйренушіні түрлі тақырыптарға қатысты ойлау, дәлелдеу, шығармашылық, ұтымды шешімдерді табуға үйрету қарастырылған.

**Кілт сөздер:** сөйлесу, түсіну, пікірлесу, оқыту, жазу, тыңдау, қарым-қатынас, ойлау, ой, әдеби, үздіксіз, таным, сөз.

## Кіріспе

Сөйлеу – адамның тілдік амалдар арқылы пікірі, ой білдіру әрекеті. Сөйлеу айтылатын пікірдің мазмұнына, пікір айтудың жағдайына сай құрылады. Сондықтан сөйлеудің коммуникативтік жағдайға сай стилі қалыптасады. Егер тіл қарым-қатынас құралы болып табылса, сөйлеу сол құралдың нақты қолданыста көрінетін түрі болып табылады.

Тілдік қатынас – адам өміріндегі өзара сөйлесу, түсіну, пікір білдіру үшін қажетті күрделі процесс. Тіл – бұл адамның қолданатын ең үлкен қаруының бірі. Ол өзінің түсінгенін, ойын, пікірін білдіру үшін тілдік байланысқа түседі. Өмірде әр түрлі құбылыстар бар, оларды біз табиғи және әлеуметтік құбылыстар деп қарастырамыз. Тілдік қарым-қатынас үшін біз белгілі бір сөздерді, сөз тіркестерін, сөйлемдерді қолданамыз. Сөйлеу – бұл тілдік құралдар арқылы ойдың іштен шығуы. Яғни, ойлаған затты түсіндіру, баяндау.

Біздің елімізде қазақ тіл біліміне қатысымды әдісінің негізін қалаған профессор Ф. Оразбаева: «Қатысымды әдісі – бұл студент пен оқытушы тікелей қарым-қатынасы арқылы жүзеге асырылатын, тілдік және әдістемелік категорияларға тән негізгі белгілер мен қағидаттардың негізгі жүйесінен тұратын, тілді оқытудың тиімді тәсілдерін үйлестіретін және тілді қарым-қатынас ретінде

жүзеге асыратын әдіс», – деп қарастырған [1, 45].

## Зерттеу әдістері

Қазіргі уақытта тілді үйрету барысында барлық тілге ортақ әдістер мен тәсілдер бар, олар үйрететін тілдің лексикалық және грамматикалық құрлымына сай ерекшеленеді.

Әдістердің ең басты мақсаты – тілдің табиғи құбылысы мен қызметтік ерекшеліктерін тіл үйренушіге жеткізу. Тіл үйренушінің тілді толық түсінгенін тыңдалым әрекеті арқылы білуге болады, алайда тілді түсініп қана қоймай, сонымен қатар сол тілде қарым-қатынас жасай алу қажет. Қарым-қатынас жасауда түрлі тақырыптық аяда сөйлейді. Сөйлеуде тіл үйренуші өзіне сенімді болу керек. Ол үшін тіл үйрету барысында түрлі жаттығулар, тапсырмалар және жұмыс түрлері жүргізіледі.

Сөйлеу әрекеттері:

Оқылым: тілдік қарым-қатынаста ұсынған материалдарды кеңінен қолдану мүмкіндігіне ерекше назар аудару керек.

Жазылым: студент өзі сөйлейтін ойының басынан аяғына дейін тапсырма бойынша жаза білуі керек екенін ескеру қажет; өз ойын білдіру, қағазға өз пікірін білдіру; көрсетілген суреттерді, заттарды, кейбір әрекеттерді бейнелеу және олар туралы қысқаша айту; естігенін немесе оқығанын

қысқаша жаза білу.

Тыңдалым: мағыналы хабарды, ақпаратты түсіну, ақпаратты есту арқылы қабылдау және түсіну, оны қажетті ете білу көзделеді.

Айтылым: студент кез-келген тақырыпта сөйлей алатындай, өз ойын толық жеткізе алатындай мақсат қойылады; екінші адаммен түсіну; өз ойын ауызша білдіріп қана қоймай, екінші адамнан жауап ала білу.

Мұндай түрлі тапсырмалардың мақсаты – тіл үйренушінің тілдік кедергісін жою. Сөйлеу барысында тіл үйренуші бара-бара сол тілде қатесіз сөйлеу мүмкіндігіне ие болады. Бұл тұрғыда жүргізілетін жұмыстың ең тиімдісі – ойын әдісі арқылы өту. Ойын – тіл үйренушілермен дидактикалық қарым-қатынас жасаудың әмбебап нысаны.

«Сөйлеу мәдениетін жоғарылату» әдісі. Яғни сөздік қорды молайту, сөздерді күнделікті қайталау. Тек сол кезде ғана нәтижеге қол жеткізуге болады. Ол үшін жаңа әдет қалыптастыру керек. Театрға бару, фильмдер көру, кітап оқу.

Адамдар тіл амалдарын пайдалану арқылы пікірін, ойын білдіреді. Осылайша біреудің дыбыстауынан құлағымызға жеткен сөзді ауызша сөйлеу дейміз. Сөйлесуді жүзеге асыру үшін тілдік қатынасқа түсушілердің бірі – айтушы, бірі – тыңдаушы болуы тиіс. Яғни, сөйлеу – екі адам арасында ақыл-ой, санамен тығыз байланыста жүзеге асатын күрделі құбылыс. Сөйлеу – ойды нақтылап сөз, сөйлем арқылы жеткізудің күрделі түрі. Ол, яғни, қарым-қатынасқа дәл сөз тауып, одан сөйлем құрау, сөйлеу, серіктес адамды тыңдау, оның ойын, ұстанымын анықтау, тағы басқа.

Сөйлеудің адам өмірінде алар орны ерекше, сөйлеу – адамзат атаулыға тән ең басты қасиет.

Сөйлеу тілінің ерекші бір түрі – монолог. Осы монологта белгілі бір тақырыпты әңгімелеп айтып беру көзделеді. Ал, диалогтық сөйлесу – әңгімелесушілердің өзара қысқа сөз алысуы, түзілетін сөйлемнің құрылымы үнемі кезектесіп айтылатындықтан ықшам келеді. Екеуінің де көмегімен өз ойымызды білдіре аламыз.

### Ғылыми нәтижелер

Қазақ тілін оқыту төменгі принциптерге негізделеді:

1. Сабақтастық принципі. Бұл қоғамның үздіксіз өзара байланысты білім алу талабын қанағаттандырады.

2. Қарым-қатынастық ықпалдасу принципі үйренушілердің қарым-қатынасқа түсу дағдысын қалыптастыруды көздейді.

3. Оқу үрдісінің проблемалық пен интерактивтік оқыту принципіне құрылуы. Бұл тіл үйренушінің дағды мен шеберлігін қол-

данысқа шығаруға итеретін проблемаларды қойып, оны шешуге итермелейді.

Тіл үйренушінің сөйлеуіне келесідей мүмкіндіктер жасалу керек:

- тіл үйренушіге 5-6 сөзі ғана таныс емес, шамамен 95% таныс мәтінді оқыту арқылы, оның өзі білмейтін сөздерін контексттен болжау арқылы түсінуіне;

- тақырыптың атауына байланысты өз ойын айта білуге;

- бұрынғы алған білімінің негізінде өз ортасымен қарым-қатынасқа түсіп сөйлей алуына;

- өз ойын біреуге жеткізуге.

Тіл үйренушінің шығармашылық жұмыстарды орындауы, оның өмірге деген қызығушылығы қалыптастырады. Адамның барлық қабілетінің ашылуы оның шабыттануы кезінде байқалады. Сондықтан, тапсырманы орындау барысында тіл үйренушінің шығармашылық сапалары, ойлау белсенділігі, шабыты, қиялы, болжай білуі, ой тереңдігі дамиды.

Тіл үйренуші стиль түрлерін дамытады. Көркем әдебиет стильді өзі оқыған шығармадағы оқиғаның образы түрінде; сөзбен салынған сурет, кейіпкерлер іс-әрекеті, келбеті, мінезі, сөзі арқылы түсініп біледі.

Осы тұрғыда жаңа білімді ендіру «миға шабуыл» әдісін қолдануға болады. Белгілі бір тақырыпқа мәтін оқытылып, мәтіндегі мәліметтер мен ақпараттар түсіндіріледі. Тіл үйренушілер келесі әрекеттерді жүзеге асырады: талас (жылдам жауап беру); талқылау (ойын білдіру); бір мәселені шешу; пікір айту; мәдениетті сөйлеу.

«Ой қозғау», «Миға шабуыл» әдістері өте ұтымды. Олардың мақсаты – тіл үйренушінің өзіндік пікірін қалыптастыру.

Осы жұмыстарды жүргізу арқылы тіл үйренушінің танымдық сапалары: қоршаған әлемді түсінуі, танымдық ынтасының тұрақталуы, сөздердің мәнін білуге ұмтылуы; шығармашылық сапалары: ойлау белсенділігі, ой тереңдігі; ұйымдастырушылық сапалары; тапсырманың мәні мен мақсатын түсіну, нәтижеге жетудегі табандылық сияқты әрекеттер қалыптастырылады.

Оқытушының әмбебаптығы – коммуникацияның барлық түрін ұтымды пайдалану, айтатын ойын дұрыс жоспарлауы, сөйлеу мәнерін қажетті сөздер мен тіркестерді тиімді қолданып, дамытуы.

Коммуникативтік қабілет пен дағды – тілді үйрету барысында күнделікті іске асырылатын тәжірибе мен сөйлесу амалдары.

Тілдің тек таным және сөйлесу әдісі ғана емес, сонымен қатар тіл дегеніміз еске сақтау формасы, «ұлттық мәдениеттің коды», тіл мағлұматтарын салыстыратын дамыған дағдысы; өз елінің мәдениетін, тарихын,

әдет-ғұрпын білу; өлкелік маңызы бар лексемаларды таба білу және олардың мәтіндегі рөлін түсіне білу.

Оқытушы сабақ процесінде тіл үйренушінің қарым-қатынас жасай білу мәдениетін әр түрлі тапсырмалар арқылы қалыптастыру керек. Берілген тапсырмаларды орындау үшін тіл үйренуші басқа адамдармен байланысады, олармен тығыз қарым-қатынас жасайды. Адамдармен тіл табыса білуі оның берілген тапсырманы сапалы орындауына жетелейді. Оқытушының жетекшілігі – қарым-қатынас жасауда жетекші рөлді атқарады, тіл үйренушінің психологиялық ерекшелігін білуі, олардың көңіл-күйлерін дер кезінде аңғаруы. Мысалы, «Өзін-өзі бағалау» тапсырмасы арқылы оқытушы жетекші рөл атқарады, тіл үйренуші алған білімін өзі бағалап, таразылайды [2, 33].

Тіл үйренушілердің әдеби сөйлеу мәнерін меңгеруге машықтандыратын жаттығу ойындарының түрлері: «Мақал-мәтелдер сайысы», «Жұмбақтар сайысы». Мақал-мәтелдер аз сөзді, терең мағыналы әрі ұтымды болғандықтан, сөйлеген кезде пайдалана білуге үйрету үшін дағдыландыру қажет. Олар ой тастап, сергітіп, жинақтап айтуға, сөйлеуге талаптандырады. Сонымен қатар, көрнекіліктерді қолдану сабақтағы негізгі құралдардың бірі болу керек. Көрнекіліктер сабақ тақырыбына сай, түсінікті болу қажет, көз тартатын, назар аударатын болуға тиіс, қысқа, артық сөзі жоқ нақты болғаны жөн. Көрнекілік түрлері: тірек сөздер, кестелер, суреттер, үлестірмелі парақтар. Көрнекіліктер тіл үйренушінің көңіл-күйіне, қызығушылығына әсер етеді. Тірек сызбалар мен кестелер түрлі жағдайда қолданылады. Тірек сызбалар әңгімелеу, талқылау немесе хабарлау кезінде ойды мағынасына қарай дұрыс жеткізуге, логикалық өрнектеуге көмектеседі.

Егер ауызекі тілде жеткізілетін хабарламаның тақырыбы өзекті болса, сөйлеушінің танымдық ынта-жігері пайда болады және ол сұранысқа ие болады, өз пікірін дәлелдеу үшін ойлау процесі белсендіріледі, сөйлеуші дәлелдерді белсенді түрде іздей бастайды.

Студент қазақ тілінің байлығын сөйлеу немесе жазу арқылы пайдаланады, екінші жағынан, қазақ тілі сабақтарында өзінің дүниетанымын қалыптастыра отырып, ақылға қонымды ойлау деңгейіне көтеріледі. Тіл арқылы өзінің танымдық, ойлау қабілеттерін дамытады, қоршаған ортаны танудың нәтижесін және тұлғаның құндылығын анықтайды. Тақырып пен белгі, себеп пен салдар арасындағы байланыстар қоршаған ортада кең таралған кезде олардың тілдік түсініктері, тілдік белгілері де кеңейеді.

Сөз дұрыстығы – сөзді, сөз тіркесін, сөй-

лесуді – тілдік мағынасына сай, ақиқатты дәл бейнелейтіндей етіп жұмсау, яғни, мұнда дүниетаным мен тілдік белгі – сөз бірге қызмет атқарады. Әдеби тілдің бірлігі мен тұтастығын сақтау бұл сөз тазалығының негізі. Сөйлемнің стилистикалық жағынан дұрыс құрылуы ойды конструктивті құра білуге байланысты болып келеді [3, 25].

Тіл қатынассыз ешқандай ой, ойлау болуы мүмкін емес. Ауызша да, әсіресе, жазба сөздің дайындығы сөйлеудің іштей, адамның өзінен-өзі, күбірлеп айтып шығуынан басталады, мұны ғылымда ішкі сөйлеу деп атайды.

Студенттің әдеби тіл нормаларын игеруі, сөз сапасын саралап пайдалануы (сөз дұрыстығы, сөз байлығы, сөз тазалығы, сөз дәлдігі және т.б.) жүзеге асады.

Тілді мазмұнсыз, мағынасыз меңгеру мүмкін емес. Себебі, жалаң тұрғанда тілді үйрету мен оқыту – тіл үйренушінің тіл игерім жағдайын қамтамасыз етпейді. Тіл арқылы қазақ халқының тарихы, әдебиеті, мәдениеті, ұлттық салт-дәстүрі, әдет-ғұрпы, болмысы танылады. Тек, осы міндеттерді алғы шарт ретінде қойсақ, еліміздің саналы, намысшыл азаматтарын тәрбиелейміз.

Осы мақсатты жүзеге асыру үшін оқытушы тіл үйренушілердің шығармашылық қабілеттерін дамытуға, көрікті сөйлеп, көркем ойлауға бейімдеуге баулу жұмыстарын осы тіл таным үрдісінде іске асыру қажет. Қазақ тілінің өзіндік ерекшелігінің бірі – тіл бейнелілігі, көп мағыналылығы. Тіл үйренуші үшін қазақ тілі сабағында қолданылатын әрбір сөздік мағынасын терең, синонимиялық жағдаймен түсіндіру арқылы әр сөздің шығу төркінін, мағынасын жан-жақты түрлі тіркестермен келістіріп, дұрыс құрылымда құруға мүмкіндік туады. Осы тәсіл арқылы тіл үйренушілердің тілі дамып, әдеби стильде сөйлеу этикасы қалыптастырылады [4, 457].

Бүгінгі таңда әр оқытушының алдында тұрған міндет – тіл үйренушіге қажетті білімді игеріп қана қоймай, әрі оның танымдық қызметін, ғылыми ойлау саласын, шығармашылық қабілетін дамытуға бағыттау. Тіл үйрету барысында тіл үйренушінің жеке ерекшелігін, зейінін, ойлау және қабылдау қасиеттерінің де ескерілуі қажет.

Тіл үйренуші сөйлесу арқылы әр түрлі әсерде болуы мүмкін: а) жағымды не жағымсыз әсер; ә) ашық не жасырын әсер; б) тікелей не аралық әсер; в) негізгі не қосалқы әсер.

Тілдесім адамдардың бір-бірімен қандай мақсатпен, қалай сөйлесуіне байланысты түрліше болады. Оларды мынадай деп жіктеуге болады:

1. Ресми тілдесім.
2. Бейресми тілдесім.

3. Қалыптасқан тілдесім.
4. Кәсіби /мамандыққа қарай/ тілдесім.
5. Әлеуметтік тілдесім.
6. Дербестік тілдесім.

Тіл үйренушінің сөйлесім әрекетін арттыру үшін олардың оқу орнынан тыс жерде нақты өмірлік жағдаяттарына сай іс-әрекет жасай білуі көзделеді. Қарым-қатынас әрекеті әр түрлі коммуникативтік міндеттерді шешуге бағытталған: қарым-қанытас мақсаты – хабарлау, сендіру, қарсылық беру, сұрастыру және т.б.; қарым-қатынас серігі, қарым-қатынас тақырыбы; қарым-қатынас уақыты және өтетін мекені деп қарастырылады. Басқаша айтқанда, қарым-қатынасқа түспес бұрын ол не үшін (мақсат), кіммен (серіктес), не туралы (тақырыбы), қайда және қашан (уақыты және орны) анықтап алуы қажет. Студент коммуникативтік міндетті шешу үшін оның шарт жағдайын, кім кіммен сөйлесетінін, айтқан сөзінің негізінде неге қол жеткізетінін анық түсіну керек. Коммуникативтік міндетті түсінгеннен кейін, студент берілген жағдайда не туралы, қай түрде (монолог-диалог) сөйлеу, қандай сөздер мен грамматикалық құрылымды қолдану, дауыс ырғағы мен ым-ишараларды қалай таңдау керек екенін анықтау қажет.

Тілдік материалдар бойынша мәтіндерді дұрыс таңдаған жөн.

1. Тыңдап түсінуге арналған мәтіндер – радио, теледидар және киномәтіндер: хабар, репортаждар, комментарийлер, сұхбаттар, пікірталас, сұрақ-жауап сайыстары, жарнамалар, ауа райы туралы мәліметтер, фильм бағдарламалары; дербес және қоғамдық сипаты бар мәтіндер; әңгімелер, оның ішінде телефон арқылы да, вокзалдағы және әуежайдағы хабарламалар, сөз сөйлеулер және т.б.

2. Оқуға арналған мәтіндер – газет және журнал мәтіндері: мақалалар, сұхбаттар, репортаждар, оқырмандар хаттары: қоғамдық сипаты бар мәтіндер: анықтамалар, тізбелер, уақыт кестелері, карталар, жарнамалар, хаттар, бағдарламалар, плакаттар, хабарламалар, дастархан мәзірлері, жеделхаттар, нұсқаулар; әдеби мәтіндер: әңгімелер, романнан үзінділер, ертегілер, мысалдар, өлең-тақпақтар, пьесалар және т.б.

Бір әңгімені немесе біреудің сөйлегенін тыңдауда және мәтінді оқуда тіл үйренушінің ең негізгі мақсаты – түсіну. Мәтінді оқу арқылы тіл үйренуші өз білім деңгейінің бір сатыға көтерілгенін байқайды. Сөйлеу әрекетінің әрбір компонентіне оқу процесінде үздіксіз сапалы жұмыс жасалу керек. Сонда ғана тіл үйренуші өзі тыңдаған, оқыған мәтіндерін түсіне алады да, соның негізінде алған тақырыбы бойынша еркін сөйлей бастайды. Тіл үйренушіге сөйлесім және жазылым арқылы

тіл үйрету жүзеге асырылу қажет болады. Сонда тіл үйренуші тілді продуктивті түрде қолданады. Бұл арада топпен әңгімелесу, біреуге әңгіме айту, күнделікті жазу, хат жазу, жұрт алдында сөйлеу және т.б. іс-әрекеттер қамтылады.

Сонымен қатар, мағынаға негізделген тіл үйрену нәтижесі де белгілі бір шарттарды қажет етеді.

- Тіл үйренушінің негізгі мақсаты – өз ойын біреуге жеткізу;

- Алған білімінің негізінде өз ортасымен еркін қарым-қатынасқа түсіп сөйлей алады.

Қазақ тілінің мемлекеттік тіл мәртебесімен байланысты тілді оқыту барысында әрбір қоғам мүшесі қазақстан халқының материалдық және рухани табыстары болып табылатын поэтикалық мәдениетті меңгеруі тиіс. Тіл үйренушінің мәдени, тілдік, қарым-қатынас құзыреттерін қалыптастыруды көздейтін тақырыптар типтік сөйлеу жағдаяттары оқытудың негізі болып табылады.

### Қорытынды

Тіл – халқымыздың рухани мұрасы, ұлттық мінездің, психологияның көрінісі ретінде студенттің жан дүниесіне, мінез-құлқына әсер етеді. Тіл арқылы – студенттің ақыл-зерде, ой-өрісі, парасаты, мәдениеті, әлеуметтік, бейімділік құзыреттілігі дамиды.

Оқыту әдістерінің басты қызметі – оқыту, ынталандыру, дамыту, тәрбиелеу, ұйымдастыру. Сөйлеу әдісі – сұрақ жауап арқылы әңгімелесу. Сөйлеу әдісі – тіл үйренушіге өзінің сөздік қорын орынды пайдалануға және сол арқылы тілін жетілдіре түсуге үйрететін әдіс. Бұл өте тиімді болып табылады.

Сонымен қатар, тілді үйрену тіл үйренушінің коммуникативті қабілеттерін дамытуға көмектеседі. Ақпарат алады, ой-өрісін кеңейтеді және ауызша тілін қалыптастыру кезінде өз ойларын білдіруді үйренеді. Оқу кезінде көрнекі және дидактикалық материалдар қолданылуы керек. Жаттығудың негізгі түрі – бұл қазақ тілінде сөйлесуден қорқуды жеңілдетуге көмектесетін ойын түрі (мысалы, студенттер жеңіске бағытталған бәсекеге қабілетті ойындар).

Сөйлеу кез келген тілдің маңызды аспектісі. Сөйлеу – бұл интерактивті процесс, онда тыңдаушы ақпаратпен бөліседі. Мәтінге дейін тіл үйренуші шағын монолог жасайды. Бұл кезеңде сөйлеудің логикалық және семантикалық байланыстары қалыптасады. Тіл үйренушінің күнделікті қарым-қатынасы басқа адамдармен интерактивті болып қала береді.

Сонымен қатар, сөйлесу өзара әрекеттесу ретінде қарастырылады. Мәміле ретінде сөйлесу кезінде берілген хабарламаға және басқа адамдарға жеткізгісі келетін нәрсені

нақты және дәл түсінуге көбірек көңіл бөлінеді. Сөйлеу презентация ретінде – бұл жағдайда сөйлеу функциясы сөйлеу, көпшілік алдында хабарлау, қайталау, әңгіме айту кезеңінде көрінеді [5].

Мәлімдеме жасау – сөйлеушілер өз пікірлерін білдіру үшін айтатын сөздер мен сөйлемдер. Егер мәлімдеме болса, сөйлеуші де, тыңдаушы да белгіні қолданады.

Сөйлеу дағдысының бес компоненті:

- түсіну (ауызша сөйлесу үшін субъектінің жауап беруі және оны бастауы қажет);

- грамматика (әңгімеде дұрыс сөйлем құрастыруы қажет. Грамматикалық форманы ажырата білу қабілеті);

- сөздік (жеткілікті сөздік қоры болмаса, тіл үйренуші коммуникативті тиімді және өз ойын ауызша және жазбаша жеткізе алмайды);

- айтылу (сөйлеген кезде анық тіл шығару тәсілі);

- еркін сөйлеу (оңай, біркелкі мәнерлеп оқу, сөйлеу және жазу қабілеті).

Тіл үйренушілер сөйлеу дағдылары арқылы өз пікірлерін ойлы, дәлелді және ынталы түрде білдіреді. Басқаларды алдында тұрып сөйлей білу – ерекше қабілет. Жақсы дамыған ауызша дағдылар тіл үйренушінің өзіне деген сенімділіктерін артады.

Ол үшін тіл үйренушіге топтық, әр түрлі жағдаяттық тапсырмаларға, пікірталастарға белсенді қатысу керек.

Коммуникативті құзыреттілік белгілі бір өмірлік жағдайларда өз міндеттерін шешу үшін ауызша және жазбаша қарым-қатынастың әртүрлі құралдарын қолдануға, өз көзқарасыңызды білдіруге, этикет нормаларына сәйкес жалпы нәтиже алу үшін адамдармен адамдар тобында байланыс орнатуға мүмкіндік береді. Оқыту әдісін таңдау жоспарланған нәтижелердің сипатына байланысты болуы керек. Сабақтың нәтижелері – студенттерді өз бетінше білім алуға, өзін-өзі жетілдіруге бағыттайтын білім. Дағдылар, құзыреттілік – бұл жеке тұлғаның қасиетте-

рі мен сипаттамаларының жиынтығы. Құзыреттілік студенттің оқу іс-әрекеті үшін өзінің адами әлеуетін жүзеге асыру қабілетін сипаттайды [6, 36].

Студент мотивациялық негізде бір нәрсені сипаттау, түсініктеме беру, түсіндіру, айту, көрсету немесе жасау қажеттілігінің алдына қойылған рөлдік ойындар қарым-қатынастың тиімділігіне ықпал етеді.

Оқу материалын таңдау кезінде студенттердің тілдік дайындық деңгейіне сәйкес келетін әр түрлі стильдегі түпнұсқа мәтіндерді таңдау қажет. Оқу материалы екі мақсатқа қол жеткізуге ықпал етуі керек: пәндік және тілдік. Көрнекіліктер мен кинестетиктер үшін мәтіндер кішкене бөліктерге бөлініп, иллюстрациялармен, схемалармен, карта-лармен құрастырылған дұрыс.

Студенттердің рефлексиясы зерттеу соңында олар өз ойларын жақсы түсініп, жеткізе бастағанын, физикалық құбылыстарды түсіндіре бастағанын және сабақта өздерін сенімді сезіне бастағанын көрсетті. Оқытудың іздеу әдістерін қолдана отырып, диалог пен әңгіме арқылы материалды түсінуге болады. Тыңдауды жазумен біріктіруге болады (кестелерді толтыру, схемаларды құру, бос орындарды қалпына келтіру).

Қазіргі заманғы оқытудың мақсаты – Қазақстан Республикасының әлеуметтік, эмоционалдық және саяси өміріне тиімді қатысуға дайын бәсекеге қабілетті тұлғаны даярлау. Қазіргі заманғы оқытудың міндеттері қазақстандық патриотизмді, адам құқықтары мен бостандықтарын құрметтеуді тәрбиелеу, өмір бойы білім алуға ұмтылатын, табысты және тиімді қызметке дайын құзыретті, белсенді, шығармашылық тұлғаны қалыптастыру.

Коммуникативтік тәсіл – бірінші кезекте студенттердің сөйлеу және жазбаша сөйлеу дағдыларын дамытуға, қарастырылып отырған мәтін, қатысып отырған әңгіме мазмұнын түсініп, туындаған жағдаятқа сәйкес тілді қолданып үйретуге бағытталған.

**ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ**

1. Құмарханова С. Қазақ тілі сабағында оқушылардың коммуникативтік қабілеттерін дамыту // Қазақ тілі мен әдебиеті орыс мектебінде. Республикалық ғылыми-педагогикалық басылым. – А., 2005. № 3. – Б. 45.
2. Оразбаева Ф.Ш. Көптілді меңгеру барысында қазақ тілін коммуникативтік тұрғыдан үйрету // «Жоғары мектеп жүйесінде көптілді білім беру: өзекті мәселелері мен болашағы» атты халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференцияның материалдары». – Астана-Қарағанды, 2008. – Б. 33.
3. Сәкенова Р. Сөз мәдениеті сабағында оқушылардың дүниетанымын қалыптастырудың психологиялық негіздері // Ұлағат республикалық ғылыми-педагогикалық басылым. Республикалық ғылыми-педагогикалық басылым. 2012, № 3. – Б. 22.
4. Зейнулина А.Ф. Тілтаным мен оны оқытудағы пәнаралық байланыс // «Жоғары мектеп жүйесінде көптілді білім беру: өзекті мәселелері мен болашағы» атты халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференцияның материалдары». – Астана-Қарағанды, 2008. – Б. 456.
5. Ерманова Г.Е. Сөйлеу дағдысының оқытудағы коммуникативті әдіс. Түркістан, 2022. – Б. 56.
6. Нуржанова К.К, Түсіпбекова Э.К, Оспанова Г.Е. Оспанғалиева М.Т. Көптілді топ студенттерінің коммуникативтік құзыреттілігін кәсіби қазақ тілі арқылы дамыту. Молодой ученый. – М., 2017. С. 35-37.

**Методы обучения языку с помощью речи**

<sup>1</sup>**КҮРІШХАН Алия**, PhD, профессор, [aliya\\_kuryshzhan@gmail.com](mailto:aliya_kuryshzhan@gmail.com),

<sup>2</sup>\***НУРЖАНОВА Карлыгаш Канагатовна**, магистр, старший преподаватель, [karla-1972@mail.ru](mailto:karla-1972@mail.ru),

<sup>2</sup>**САГАТОВА Гульмира Канатовна**, магистр, старший преподаватель, [gulja\\_s@mail.ru](mailto:gulja_s@mail.ru),

<sup>2</sup>**ХАМЗИНА Карлыгаш Мауеновна**, к.филол.н., доцент, [jako199473@mail.ru](mailto:jako199473@mail.ru),

<sup>1</sup>Ханкукский университет иностранных языков, Сеул, Республика Корея,

<sup>2</sup>НАО «Карагандинский технический университет имени Абылкаса Сагинова», пр. Н. Назарбаева, 56, Караганда, Казахстан,

\*автор-корреспондент.

**Аннотация.** Рассматривается обучение казахскому языку посредством общения. Показаны вопросы развития речевых действий. В общении людей друг с другом отмечается, что осуществление общения относится к одному из участников языкового общения-говорящему, другому-слушателю. В обучении казахскому языку предусмотрено развитие коммуникативных способностей студентов посредством коммуникативных действий. В исследовании используются описательный метод, методы анализа и синтеза. Было проведено исследование методов и приемов чтения, аудирования, письма, произношения, использования языковых единиц в общении с усвоением основных принципов речевой деятельности. Предлагается научить изучающего язык находить рассуждения, рассуждения, творческие, рациональные решения по различным темам.

**Ключевые слова:** говорить, понимать, рассуждать, учить, писать, слушать, общаться, думать, думать литературно, непрерывно, познавать.

**Methods of Language Learning Using Speech**

<sup>1</sup>**KURYSHZHAN Aliya**, PhD, Professor, [aliya\\_kuryshzhan@gmail.com](mailto:aliya_kuryshzhan@gmail.com),

<sup>2</sup>\***NURZHANOVA Karlygash**, Master's Degree, Senior Lecturer, [karla-1972@mail.ru](mailto:karla-1972@mail.ru),

<sup>2</sup>**SAGATOVA Gulmira**, Master's Degree, Senior Lecturer, [gulja\\_s@mail.ru](mailto:gulja_s@mail.ru),

<sup>2</sup>**KHAMZINA Karlygash**, Cand. of Philol. Sci., Docent, [jako199473@mail.ru](mailto:jako199473@mail.ru),

<sup>1</sup>Hankuk University of Foreign Languages, Seoul, Republic of Korea,

<sup>2</sup>NPJSC «Abylkas Saginov Karaganda Technical University», N. Nazarbayev Avenue, 56, Karaganda, Kazakhstan,

\*corresponding author.

**Abstract.** The article discusses teaching the Kazakh language through communication. The issues of the development of speech actions are shown. In the communication of people with each other, it is noted that the implementation of communication refers to one of the participants in language communication—the speaker, the other—the listener. The Kazakh language teaching provides for the development of students' communicative abilities through communicative actions. The study uses a descriptive method, methods of analysis and synthesis. A study was conducted of methods and techniques of reading, listening, writing, pronunciation, the use of language units in communication with the assimilation of the basic principles of speech activity. It is proposed to teach the language learner to find reasoning, reasoning, creative, rational solutions on various topics.

**Keywords:** speak, understand, reason, teach, write, listen, communicate, think, think, literary, continuously, learn, speak.

## REFERENCES

1. Kumarkhanova S. Development of students' communicative abilities in the lesson of the Kazakh language // Kazakh language and literature at the Russian school. Republican scientific and pedagogical publication. – A., 2005. No. 3. – P. 45.
2. Orazbayeva F.Sh. Communicative teaching of the Kazakh language in the process of multilingual education // Materials of the international scientific and practical conference «Multilingual education in the Higher School System: current problems and prospects». – Astana-Karaganda, 2008. – P. 33.
3. Sakenova R. Psychological foundations of the formation of the worldview of students in the lesson of the culture of the word // Ulagat Republican scientific and pedagogical publication. Republican scientific and pedagogical publication. 2012, No. 3. – P. 22.
4. Zeynulina A.F. Interdisciplinary communication in Tiltanym and its teaching // Materials of the international scientific and practical conference «Multilingual education in the Higher School System: current problems and prospects». – Astana-Karaganda, 2008. – P. 456.
5. Yermanova G.E. Communicative method in teaching speech skills. Turkestan, 2022. – P. 56.
6. Nurzhanova K.K., Tusipbekova E.K., Ospanova G.E., Ospangalieva M.T. Development of communicative competence of students of multilingual groups through the professional Kazakh language. The Young learned. – Moscow, 2017. Pp. 35-37.